# Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасын іске асыру үшін қажетті шаралар кешенін пысықтау жөніндегі жұмыс топтарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 30 қарашадағы N 336-ө Өкімі

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 1 қыркүйектегі N 1641 Жарлығымен мақұлданған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын қалыптастырудың және пайдаланудың орта мерзімді перспективаға арналған тұжырымдамасын (бұдан әрі - Тұжырымдама) іске асыру мақсатында:

1. Мыналар құрылсын:

1) осы өкімге 1-қосымшаға сәйкес құрамда Тұжырымдаманы іске асыру үшін қажетті шаралар кешенін пысықтау, нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын және басқа да материалдарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі - жұмыс тобы);

2) осы өкімге 2-қосымшаға сәйкес құрамда жұмысты үйлестіру, бақылау және Тұжырымдаманы іске асыру үшін қажетті шаралар кешенін пысықтау, нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын және басқа да материалдарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының проблемалық мәселелерін жедел шешу үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің Тұжырымдаманы іске асыру мәселесі жөніндегі одан арғы іс-қимылын пысықтау үшін тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық жұмыс тобы ( бұдан әрі - ведомствоаралық жұмыс тобы).

2. Жұмыс тобы мен ведомствоаралық жұмыс тобы 2006 жылғы 1 шілдеден бастап Тұжырымдамаға көшуді қамтамасыз етуге арналған шараларды қабылдасын.

3. Жұмыс тобы Тұжырымдаманы іске асыру үшін қажетті нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын және басқа да материалдарды әзірлеу аяқталғанға дейін айына екі рет ведомствоаралық жұмыс тобының алдында істелген жұмыс туралы есеп берсін.

4. Ведомствоаралық жұмыс тобы айына екі рет жұмыс тобының есебін тыңдасын және қажет болған кезде мүдделі мемлекеттік органдарды шақыра отырып, ай сайын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында істелген жұмыс туралы есеп берсін.

5. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің

2005 жылғы 30 қарашадағы
N 336-ө өкіміне 1-қосымша

**Тұжырымдаманы іске асыру үшін қажетті шаралар кешенін пысықтау, нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын және басқа да материалдарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының құрамы**

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 2006.04.28. N 111 өкімімен.

| | |
|---|---|
| Құсайынов Марат Әпсеметұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, жетекші |
| Елемесов Асқар Раушанұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, жетекшінің орынбасары |
| Сағындықов Самат Алпысұлы | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Инвестициялық саясат және жоспарлау департаменті директорының орынбасары, хатшы |
| Шолпанқұлов Берік Шолпанқұлұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрағасының орынбасары |
| Балапанов Зейнелқабден Тәукенұлы | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Өңірлік саясат және бюджетаралық қатынастар департаментінің директоры |
| Боранғалиева Мәрзия Мұхамбетрақымқызы | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Бюджеттік процесс әдіснамасы және функционалдық талдау департаментінің директоры |
| Ермекова Несіпбала Әбсағитқызы | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық органдардың шығыстарын жоспарлау департаментінің директоры |
| Жайлаубаева Әсия Сейітжапарқызы | - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі Ақпараттандыру департаментінің директоры |
| Иванова Наталья Николаевна | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Мемлекеттік аппарат, қорғаныс, қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік шығыстарын жоспарлау департаментінің директоры |

Қайырова Дәметкен Кәрімқызы - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Ұлттық есеп жүргізу департаментінің директоры

Кармазина Лена Магауяновна - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Бюджеттік саясат және жоспарлау департаментінің директоры

Қасымова Татьяна Сұлтанқызы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Бюджет, қаржылық рәсімдер және кадр қызметі департаментінің директоры

Колышпаева Нина Георгиевна - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Стратегиялық талдау және жоспарлау департаментінің директоры

Құрманғалиева Аида Дәденқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Әлеуметтік сала шығыстарын жоспарлау департаментінің директоры

Біртанов Есжан Амантайұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операциялар департаменті директорының орынбасары (келісім бойынша)

Доможирская Ирина Николаевна - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Салық саясаты және болжамдар департаменті директорының орынбасары

Баймағамбетов Ақылжан Мәлікұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Монетарлық операцияларды есепке алу басқармасының бастығы (келісім бойынша)

Жолдыбай Мақсат Орынбекұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңға тәуелді кесімдер департаменті Заңға тәуелді кесімдерді талдау және әзірлеу басқармасының бастығы

Торғауытова Үміт Шолтыққызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Кірістерді талдау және ағымдағы болжамдау басқармасының бастығы

Өмірзақова Сәуле Қабыкенқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Экономикалық саясат және жоспарлау

департаменті Макроэкономикалық болжамдау басқармасының бастығы

Асхатов Рафкат Ангасынович - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитеті Энергия ресурстарын кедендік бақылауды ұйымдастыру басқармасы энергия ресурстарын кедендік бақылауды ұйымдастыру бөлімінің бастығы

Турлина Биян Қадырқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Салық саясаты және болжамдар департаментінің Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу басқармасы шикізат секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді болжамдау бөлімінің бастығы

Тутушкин Виталий Алексеевич - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Зерттеулер және статистика департаментінің Стратегия және талдау басқармасы монетарлық зерттеулер бөлімінің бастығы (келісім бойынша)

Қабыкенов Арыстан Кенжетайұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жиынтық-талдама департаменті Қаржылық институттарды зерттеу басқармасының талдау және зерттеу бөлімі бастығының міндетін атқарушы

Шәмшінұрова Салтанат Мұратқызы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Заңнама департаментінің Азаматтық, әлеуметтік-экономикалық және қаржы заңнамасы басқармасы әлеуметтік-экономикалық және қаржы заңнамасы бөлімінің бас маманы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 30 қарашадағы
N 336-ө өкіміне 2-қосымша

**Жұмысты үйлестіру, бақылау және Тұжырымдаманы іске асыру үшін қажетті шаралар кешенін пысықтау, нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын және басқа да материалдарды әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының проблемалық мәселелерін**

**жедел шешуге арналған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің Тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі одан арғы іс-қимылын пысықтауға арналған ведомствоаралық жұмыс тобының құрамы**

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің 2006.04.28. N 111 өкімімен.

| | |
|---|---|
| Мәсімов Кәрім Қажымқанұлы | - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, жетекші |
| Құсайынов Марат Әпсеметұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, жетекшінің орынбасары |
| Сағындықов Самат Алпысұлы | - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Инвестициялық саясат және жоспарлау департаменті директорының орынбасары, хатшы |
| Елемесов Асқар Раушанұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі |
| Құсдәулетов Дулат Рашитұлы | - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі |
| Рахметов Нұрлан Құсайынұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы |
| Тортаев Бауыржан Қадырұлы | - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының орынбасары |
| Герасименко Юрий Викторович | - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Монетарлық операциялар департаментінің директоры, басқарма мүшесі (келісім бойынша) |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК